



# Ақмешіт

13 мамыр  
сенбі

№38 (1945)

2023 жыл

## апталығы

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Толғандырған тақырып...

### Қолдау халыққа керек пе, банкке керек пе?

Қаржының сақталатын орны банк дейтін болсақ, біздің елде банктердің өзі қарыз екен. Нақтырақ айтсақ, Қазақстандағы 6 банкке мемлекеттік деңгейде қаржылық қолдау көрсетілген. Нақты қандай банктерге көмек көрсетілгенін осы жылдың 26 сәуіріндегі Парламент Мәжілісінің жалпы отырысынан кейін Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрайымы Мәдина Әбілқасымова баян еткен болатын.

Агенттік төрағасының айтуынша, банктерді қаржылай қолдау бағдарламасы 2017 жылы бекітілген.

Қазір қаржылық тұрақтылық бағдарламасына қатысқан алты банк бар. Бұл бағдарламаны 2017 жылы Ұлттық банк бекіткен еді. Ол кезде банктердің шығыны, банктердің балансында стрессік активтердің жоғары деңгейі анықталғанды. Осы проблемалық займдарға провизия жасау үшін, банктердің капитализациясын толықтыру мақсатында қаржылық тұрақтылық бағдарламасы қабылданды, – деді Әбілқасымова.

«Егемен Қазақстан» газетінің 12 мамыр күнгі санына шыққан Абай Аймағамбеттің «Борышы өтелмеген банктер» атты



мақаласына да осы мәселе арқау болыпты. Онда 2017 жылы қаржылық орнықтылықты көтеру бағдарламасына «Еуразиялық банк», «Банк ЦентрКредит», Jusan Bank (көмек АТФ банк пен «Цеснабанк» көрсетілген), «Нұрбанк», Halyk Bank және Bank RBK сынды қаржылық ұйымдар қатысып, жалпы сомасы 700,5 млрд теңге алғаны туралы дерек келтірілген.

Банктерді қолдау не үшін керек? Олар онысыз да ақша сақтайтын, түрлі операциялар арқылы қаржысын арттыратын орын емес пе?.. Халыққа есеп несе беріп, пайызын үстемелетіп алып отырған да осы қаржы ұйымдары екенін көпшілік жақсы біледі. Біз өз кезегінде әлеуметтік желі арқылы сауал тастаған едік...

Бағдат Есжанов есімді фейсбук пайдаланушысы: «Халықтан бір, мемлекеттен бір алып отыра ма сонда? Пайызы өте жоғары. Халықты титықтатып отырған осылардың пайызы...» деп пікір білдірді. Ал, Дәулет Спандияр есімді фейсбук қолданушысы: «Мемлекет қолдау керек. Егер де сол банктер халықтың алып, қайтара алмай отырған қарызын кешірсен. Бірақ сол қарызды халықтан сүлікше сорып, екі-үш еселеп қайтарып отыр. Сосын көзіңді жасып сығып, Үкіметтен жылдамсырап ақша сұрайды. Неге деп ойланудың да қажеті жоқ. Бірақ жауап бар. Білікті отырып алып, банктерге көмектесейік деп бастама көтеріп жүргендер бір уақытта мемлекет қызметкері әрі сол бір уақытта банктің иесі. Бұл сұрақтың бір гана жауабы – осы» – деген пікір жазды.

2 бетте

### Ақсуатқа газ келді



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Аса маңызды мәселелердің бірі – ауылды кешенді түрде дамыту. Ауылдарға нақты қолдау көрсетіп, заманауи инфрақұрылымды дамытуымыз керек» деген еді. Өткен жылы аймақта 14 газдандыру жобасын жүзеге асыруға 8,7 млрд теңге бөлініп, нәтижесінде 6 ауылды газға қостық. Биыл республикалық бюджеттен 7,4 млрд теңге бөлініп, 2022 жылы басталған 7 жоба жалғасын табады. Оған қоса 12 жана жобаның құрылысы басталады. Оның ішінде, Қосшыңырау ауылдық округінің Абай, Досан елді мекендері бар. Ал демеушілердің қолдауымен 100 млн теңгеге Сабалақ саяжайына табиғи газ желісін тартудың жоба-сметалық құжаттары әзірленуде, – деді аймақ басшысы.

Мұнан соң облыс әкімі ауыл тұрғыны, зейнеткер Сейітқасым Тәуірбаевтың үйіне барып табиғи газ қосу сәтіне куәгер болды. Көптен бері тұрғындардың басына айналған табиғи отын мәселесі осылайша шешім тауып, ауыл жұртшылығын қуанышқа кенелтті. Елді мекенді газдандыруға республикалық және жергілікті бюджеттен 4,9 млрд теңге бөлінген. Жоба құрылысын «Алия Сервис» ЖШС жүргізді.

Шара барысында ақсуаттықтармен кездесіп, халықтың сұрағына жауап берген аймақ басшысы ауылды көркейту жолында алда біршама іс атқарылатынын тілге тиек етті. Бүгінде ауылдарды көркейту жолында атқарылып жатқан жұмыстарға халық куә. «Ауыл – ел бесігі» мемлекеттік бағдарламасымен елді мекендердегі көшелерді жөндеу, жол салу, электр желілерін жүргізу, аяқ су мәселесін шешу бойынша біршама істер жүзеге асуда.

Көгілдір отын ауыл жұртшылығының басты мәселесіне айналған еді. Қалаға қарасты ауылдар арасында алдымен Ақсуат елді мекені табиғи отынның игілігін көреді. Ал алдағы уақытта өзге ауылдар да газдандырылады.

Аймақ басшысы өз сөзінде өңірдің газдандыру деңгейі 70 пайызға жеткенін де атап өтті.

А.ӘЛІМ

### МӘСЛИХАТ ТЫНЫСЫ

#### Кеше Қызылорда қалалық мәслихатының кезектен тыс III сессиясы өтті.

Сессияға Қызылорда қаласының әкімі Асылбек Шәменов қатысты. Қалалық мәслихат хатшысы Ибадулла Құттықожаевтың төрағалығымен өткен жиынның күн тәртібінде 4 мәселе қаралды.

Алдымен сөз алған қалалық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Г.Баймаханова «2023-2025 жылдарға арналған кент және ауылдық округтердің бюджеттері туралы» қалалық мәслихаттың 2022 жылғы 28 желтоқсандағы шешіміне өзгерістер енгізу туралы» және «2022 жылға арналған қалалық, кент және ауылдық округтердің бюджеттерінің атқарылуы туралы есептерді бекіту туралы» баяндалды.

Бөлім басшысының айтуынша, кент және ауылдық округ бюджеттерінің кірісі қалалық бюджеттен бөлінген 45252,6 мың теңге, облыстық бюджеттен бөлінген 20244 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферт есебінен және

18844,9 мың теңге бюджет қаражатының қалдықтары есебінен көбейтілді. Кент және ауылдық округ бюджеттеріне 2022 жылғы республикалық және облыстық бюджеттен бөлініп, 2023 жылдың I қаңтарына пайдаланылмаған 77,2 мың теңге облыстық және қалалық бюджетке қайтарылды. 2023 жылғы I қаңтар жағдайындағы қалалық бюджеттің атқарылуы есебінің 2022

С.Майқанова атындағы мәдениет үйі жанынан мәдени-көпшілік жұмыстарды ұйымдастыру бөлімін ашуға, Тасбөгет кентіне гибриді электрондық пошта қызметіне, мәдени-демалыс жұмысын қолдауға, Белкөл кентіндегі орталық көшеге жаяу жүргіншілер жолын салуға жұмсалмақ. Осындай түрлі мөлшердегі қаржылар қалаға қарасты кенттер мен ауылдық округтердің жолының жөн-

### Қала кірісі ұлғайды

жылдың қорытындысымен кент және ауылдық округ бюджеттерінде барлығы 18844,9 мың теңге бос қалдық қалыптасқан. Оның ішінде кент және ауылдық округ бюджеттерінің кіріс бөлігінің артығымен орындалу есебінен, қалалық бюджеттік бағдарлама әкімшілері есебінен үнемделген қаржы, республикалық, облыстық және қалалық бюджеттен бөлінген трансферттер есебінен бөлінген.

Мәселен, облыстық бюджеттен бөлінген қаржыға Тасбөгет кенті

делуіне, аялдама орнатуға, су сорғысына трансформатор сатып алуға және аяқ су жүретін арналарды тазалауға, жол белгілерін жасауға, демалыс аллеясын жөндеуге, темір қоршау және орындықтар орнатуға жұмсалды. Жалпы 2022 жылдың қорытындысымен қала бюджетінің көлемі 73 млрд 325,9 млн теңгені құрап, өткен 2021 жылдың кезеңімен салыстырғанда 9 млрд немесе 14,7 пайызға ұлғайған. Қаланың өз кірістері 105,5 пайызға артығымен орындалған, – деді бөлім басшысы.

2 бетте

### Екінші сыныптар ағылшын тілін оқымайды

Қоғамда қызу талқыланған бұл мәселенің шешімі де табылды. Енді 3 сыныпқа дейін ағылшын тілі пәні оқытылмайды. Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың бұйрығы биыл 1 қыркүйектен бастап күшіне енек.



Иә, 2023-2024 жаңа оқу жылы өзгерістерге толы болмақ. Соның бірі – ағылшын тілі пәнінің 2 сынып жүктемесінен алынуы. Бұған дейін 1 сынып бағдарламасында орыс тілі мен ағылшын тілі пәні оқытылмайтын. Аталған пәндер 2 сынып бағдарламасына енгізілген еді. Бұл туралы қоғамда жиі талқыланып, ата-аналар тарапынан бастауыш сынып оқушыларына өзге тілді игерудің қиын екендігі айтылды. Біршама уақыттан бері қозғалып келген бұл мәселе осылайша шешім тапты.

3 бетте

### ӘЛЕМ НАЗАРЫН АУДАРҒАН КАРТИНА

Сыр өңіріне тағы бір сүйіншілейтіндей хабар жетті. Сәуір айының 17-23 күндері Италияда Милан дизайн апталығы өтіп, оған Сыр өңірінен София Темірболат өз туындыларын жолдаған еді. Көрмеде сырбойылық жас Софийаның эко картиналары үздік шығып, финалист атанды.



Айта кетелік, София қылқаламмен емес, азық-түліктен босаған қаптамалардың қиындыларынан картина жасау арқылы әлемді тәнті етті. Иә, кәдімгі қаптама. Тұз, макарон өнімдерінен босаған қаптаманы ойланбастан, тіпті сыртына соншалық назар аудармастан да коқысқа лақтыратынымыз белгілі. Оны кәдеге жаратуға болады екен. Көрменің негізгі мақсаты да осы, қоршаған ортаны қорғауға үндеу. Көрме талабы бойынша қатысушылар өз еліндегі тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу арқылы қоршаған ортаны қорғауға үлес қосу, назар аудару. Бұл орайда София «Аралтұз» өнімі, кәмпіт, шәй, күріш, макарон өнімдерінің қаптамасын ұтымды пайдалана білді. Әсіресе тұздың көк түсті қаптамалары теңізді бейнелеуге үйлесе кетті.

4 бетте





Мемлекет банктерге қандай қолдау көрсетіп отыр. Жалпы банк саласындағы мемлекеттік қолдау дегеніміз не? Бұл сұраққа жауапты қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілкасымованың өз сөзімен берейік.

– Мемлекеттік қолдау дегеніміз – банктің депозиттер, облигациялар, несиелер бойынша банкке оны қайтарып алу үшін келесі көздерден тиімді шарттарда беретін міндеттемелері: мемлекеттік бюджет,

төлей алатынын ескеру керек, – дейді қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы.

Банктер мемлекет қолдауын қалай қалай асыраған? Бұл сауалға жауапты Ділда Уәлибектің Turkystan.kz-ке осы жылдың 12 мамырында жарияланған сараптамасынан табуға болады. Бұл мақалада «2017 жылдан бері 6,9 триллион теңге «нашар» несие есеппен шығарылған, екінші деңгейлі сегіз дәрменсіз банктің лицензиялары қайтарылып алынған. Стрессі активтер

Несін жасырамыз, 2017 жылғы көмек тек бер жағы екенін ойлы оқырман жақсы біледі. Ақпарат көздеріне зер салсақ, 2007-2009 жылдары қаржылық дағдарыстан еліміздегі бірқатар банктер зардап шеккен. Бірақ ұлттық қордан сол уақытта 10 миллиард доллар көлемінде қаражат бөлініп, оның 4 миллиард доллары осы екінші деңгейлі банктерді құтқарып қалу мақсатында жұмсалған. Осыдан бастап банктерге үнемі ұлттық қордан ақша бөлініп, банктер мемлекеттен қолдау

жіберілген», – деп жазылған. Жақында бұл мәселені көтерген мәжілістен Еділ Жаңбыршин жекеменшік банктер алып отырған шетсіз-шексіз қолдауға басқа мемлекеттік құрылымдар аса мұқтаж екенін айтты.

– Мысалы, жоғарыда айтылған қаржылардың 1 триллион теңгесін бір жекеменшік банкке орналастырсақ, бұл банк жылына орташа есеппен 150 миллиард теңге табыс табады екен. Енді есептеңіз, қанша мемлекет қаржысы мен Үкімет алған қарыздар осы жекеменшік банктер арқылы өтті?! Осындай оңай қаржылық схемалар арқылы пайда тапқан банкирлеріміз Форбстың тізімінен бір-ақ шықты. Ай сайын инвестірістер мен қызмет көрсетуден түсіп жатқан миллиардтар, жекеменшік банктерді Қазақстан экономикасын дамытуға мүмкіндік беретін бизнес жобаларды қаржыландыруға ынталандырмайды. Өйткені олар басын ауыртып, ойланбайды. Ол оңай табыс келіп тұр. Бұлар әбден қаржылық монополист болып алған, – деді халық қалаулысы.

Turkystan.kz сайтында жарияланған мақалада бас прокуратураның да апаратын негіз еткен. Онда көлемі 2 миллион гектар жердің екінші деңгейлі банктер мен қаржы институттарының иелігінде кепілдік ретінде жатқаны мәлім етілген. Банктер мен қаржы ұйымдары ол жерді не өздері пайдаланбайды, не мемлекеттік меншікке қайтаруға асықпайды. Осы 2 миллион гектар жердің ішінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер де бар.

– Банктерді емес, халықты аштық пен жұмыссыздықтан қорғау керек. Соның бірден-бір жолы – банктерге кепілге қойылған ауылшаруашылық жерлерді қайтаруымыз керек. Ол банктердің артында кім тұрғанын, кімнің иелігінде отырғанын және қандай жолмен ауылшаруашылық жерлерді кепілге қойып жібергенін қоғам, халық білу қажет, – деді депутат Бақытжан Базарбек.

2019 жылы Ұлттық сенім кеңесінің экономикалық топ модераторы Рақым Ошакбаевтың: «Соңғы 10 жылдың ішінде мемлекет банктерді қолдау мен құтқаруға 20 млрд доллар жұмсаған екен» деп айтқанын білеміз. Бұл сол кезде көпшіліктің жағасын ұстатарлық жанақал болды. Сенсация деуге келе қоймас, бірақ қарапайым жұртшылық біле бермейтін жайт еді.

2021 жылы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттің енді банктерге көмектеспейтінін мәлім еткенін көпшілік жақсы біледі. Мемлекет басшысы бұл сөзді Жолдауда айтпай, елдің назарын аударған еді. Экономист Мақсат Халық сол кезде (2021 жылғы 1 қыркүйек) info@bio.kz тілшісіне берген сұхбатында Президенттің дұрыс шешім қабылдағанын атап өтті. Тіпті банктер қолдауға шын мұқтаж емес, тек тегін көмекке бой үйретіп алған, деген де пікір білдірген. Біз де ат басын осы жерден тартып, қолдау банкке емес, халыққа керек деген түйінімен сөзімізді аяқтаймыз.

**ӘЙЗ ЖҰМАДІЛДӘУЛЫ**  
Суреттер анық дереккөзден алынды

# ҚОЛДАУ ХАЛЫҚҚА КЕРЕК ПЕ, БАНККЕ КЕРЕК ПЕ?



Ұлттық қор, Ұлттық банк, Қазақстанның тұрақты даму қоры, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты. Сондай-ақ экономиканы несиелеу бойынша мемлекеттік бағдарламалар, оның ішінде экономиканың түрлі салаларындағы кәсіпкерлік субъектілер, ипотекалық тұрғын үй заңдарын қайта қаржыландыру аясында алынған қаражат мемлекеттік қарыз қаражаты болып есептелмейді. Дивидендтерді бөлу мемлекеттік қолдау арқылы алынған кірістерге жатпайды. Банктер дивиденд ретінде тек мемлекеттік қолдаудан түсетін кірістен тазартылған операциялық пайданы бөле алады. Бұл ретте банктердің дивидендті мемлекеттік қолдаудан дисконт (кіріс) шегерілгеннен кейін оң капитал болған жағдайда ғана

7,7 триллион теңгеден 2,3 триллион теңгеге дейін азайған. Проблемалық несиелер портфелі бойынша 982,4 миллиард теңге сомына провизиялар қалыптастырылыпты. 90 күннен астам мерзімі өткен несиелер деңгейі 2017 жылғы 12,3 пайыздан 2021 жылғы 3,3 пайызға дейін төмендепті. Мемлекеттік қолдауға ие болған алты банк жалпы 8,267 триллион теңге, оның ішінде заңды тұлғаларға 4,01 триллион теңге және жеке тұлғаларға 4,257 триллион теңге жаңа несие берген», – деп жазылған.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің мәліметінше, тізімге енгізілген алты банктің балансында 1,8 трлн теңге көлеміндегі мемлекеттік қолдау қоры қалған. Бір қызығы, сауықтыру бағдарламасына 3 банк, нақтырақ айтсақ, Еуразиялық банк, ЦКБ және Нұрбанк әлі қатысып жатыр екен.

сұрап, тіпті зейнетақы қорынан да ақша бөлінген кездер болған. Сарапшылар Қазақстандағы банктердің қазір қолдауға аса зәру еместігін айтады. Тіпті жекеменшік банктерге көмек көрсетілмеуі керек деген де пікір бар. Мәселен, экономист Арман Байғанов: «...Мемлекеттен жекеменшік коммерциялық банктерге көмек көрсетілмеуі керек. Банктерге көмек Ұлттық қордан, халықтың қаражатынан алынады, сондықтан зардабын қарапайым халық көреді», – деген ойын айтқан.

Ділда Уәлибектің «Көмекке мұқтаж банк па, халық па» мақаласында: «2022 жылғы 30 қыркүйектегі дерек бойынша «Самұрық-Қазына» қорының жекеменшік банктерде орналастырылған қаржы активтері мен ақшасы 5,9 триллион теңгеге жеткен. Яғни мемлекеттегі қаржының көбі жекеменшік банктер арқылы айналымға

Басы 1-бетте

## КӘСІПКЕРЛІК САЛАДА ЖАҢА ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСПАҚ

Аймақта кәсіпкерлікті дамытуда «Мен кәсіпкер» жобасы жүзеге асады. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасының директоры Пірмұхаммед Сыздықов айтты.



– Биыл кәсіпкерлікпен айналысамын деген азаматтарға, кәсіпкерлерге мемлекет тарапынан қолдау тетіктері енгізілуде. Қаржылай қолдау бойынша 2,5 пайызбен жастарға берілетін несиені және «Ауыл аманаты» бағдарламасын айтуға болады. Ал қаржылай емес қолдауға биыл басталған «Мен кәсіпкер» жобасын атап өткіз келеді, – дейді Пірмұхаммед Айтбайұлы.

Жоба негізгі екі бағыт бойынша бірнеше саланы қамтиды. Соған сәйкес биыл 600-ге жуық азаматқа қызмет көрсетіледі деп жоспарланады.

кәсіпкерлігін дамыту орталығы» бағыты аясында Кәсіпкерлер палатасының кеңесшілері кеңес беріп, олардың қажеттіліктерін, сұранысын анықтайды. Соған сәйкес қыз-келіншектерді оқытады. Салалық сарапшылар жобаға қатысушы кәсіпкерлердің біліктілігін арттырып, олардың кәсіпін алты ай сүйемелдейді, – дейді Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасының бөлім басшысы Әсел Алушаева.

Қазіргі таңда «Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталығы» бағыты аясында «Бір ауыл – бір өнім» жобасы іске асуда. Жоба аты айтып тұрғандай өндіріс саласына бағытталған. Оған қатысушыға қоятын басты талап – шикізаттың жергілікті өнім болуы. Бұған дейін еліміздің төрт өңірінде пилоттық жоба негізінде жүзеге асқан. Бұл идеясы бар, бірақ қалай жүзеге асыруды білмей жүрген қыз-келіншектерге үлкен қолдау болмақ.

«Әйелдер кәсіпкерлерге басымдық беріледі. «Әйелдер

А.СЕЙІЛ

### Құрметті жұмыс беруші!

Сізге электрондық еңбек биржасында қажетті мамандарды іздеу және бос жұмыс орындары туралы мәліметті орналастыру мүмкіндігін пайдалану ұсынылады.

Егер сізде кадр қызметі жоқ болса, онда – электрондық еңбек биржасы сіз үшін цифрлы кадрлық платформа бола алады. Платформадан Сіз өңірлер, кәсіптер мен дағдылары бойынша іздеу арқылы 100 мыңнан астам өзекті түйіндеме таба аласыз. Сондай-ақ әлеуетті ізденушімен тікелей байланысқа шығып, әңгімелесу жүргізуіңізге болады.

Электрондық еңбек биржасының барлық мүмкіндігі туралы ebek.kz порталы арқылы толық біле аласыз.

Сонымен қатар «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабына сәйкес жұмыс беруші бос орындардың бар екендігі туралы мәліметтерді (еңбек жағдайлары мен төлемдерін көрсете отырып), олар пайда болған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жұмыспен қамту орталығына жазбаша түрде немесе «Электрондық еңбек биржасы» мемлекеттік ақпараттық порталы арқылы жіберуге міндетті екенін еске саламыз. Осы талапты орындамау әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғады.



### Ауыл шаруашылығы өнімдері құрамындағы нитрат қалдық мөлшерінің адам ағзасына әсері

Нитраттар табиғатта кеңінен таралған. Олар азот айналымының бөлініс бір бөлігі болып табылады. Ауыл шаруашылығында нитраттар азот қосылысты тыңайтқыштар түрінде кездеседі. Тыңайтқыштарды дұрыс қолданбаған жағдайда қарбыз, қарбыз, қарбыз, қияр және басқа өсімдік өнімдері құрамында нитрат қалдық мөлшері шамадан артық жиналады. Шикізат өнімнің құрамына нитрат өнімінің тағы бір жолы су арқылы. Тыңайтқыштар сактау қоймасына және мал шаруашылығын жақсы орналастыру су көздерінен тараған кезде болуы мүмкін.

Адам ағзасына нитрат қалдықтары шамадан артық түскен кезде тіңдерді оттегімен қамтамасыз ету нашарлайды. Егер ағзада нитрат қалдық мөлшері қалыпты мөлшерден тым артық жиналса, ұлануымен клиникалық белгілері 4-5 сағаттан соң біліне бастайды. Ондай жағдайда бірінші адамның беті, ерні, тырнақтары көгері бастайды. Жалпы әлсіздік басталып, қоз қарауындады. Басы айналып, іштің айналасы ауырады. Сонымен қатар құсады және іші өтуі мүмкін. Ондай жағдайда тез арада дәрігерге қорны қажет.

Көптеген зерттеулердің нәтижесінде балалар нитрат қалдық мөлшерінің адам ағзасына зиянсыз мөлшерін есептеді. Мысалы, нитраттың ағзада кездесетін зиянсыз тәуліктік дозасы 5 мг/кг, яғни адамның салмағы 50 кг болса, 250 мг-ға дейін нитрат қалдық мөлшері тағаммен, сумен ағзаға баруы мүмкін. Өнімдерді жуу, пісіру, қулынарық өңдеу нәтижесінде нитрат мөлшері азаяды. Уақыты жетіп піскен өнімдерде ерте жұлғын өнімдерге қарағанда нитрат қалдық мөлшері анағұрлым төмен болады.

ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМҚ Қызылорда облысы бойынша филиалы санитарлық-гигиеналық зертханасы соңғы 10 жылдық көрсеткіштерді талдау барысында нитрат қалдық мөлшері жылдан жылға азайғанын көрсетеді. Себебі, 1990 жылға дейін тыңайтқыштар міндетті түрде қолданылып келсе, біртіндеп келе жеке қожалықтарға оңай міндет болмағандықтан нитрат мөлшері азая түсті. Облыс бойынша 2020 жылы сәйкессіздік 3 пайызды құраса, 2021 жылы 5,2 пайыз, ал 2022 жылы 2,35 пайызды құраған. Оны экономикалық жағдайларға байланысты ауыл шаруашылығында минералдық тыңайтқыштарды аз мөлшерде алатынымен немесе мүлдем пайдаланбайтынымен түсіндіруге болады. Ертеректе нитрат қалдықтарының шамадан артық мөлшері басқа өнімдерінде жиі кездескен болса, соңғы уақытта ерте өктемде өсетін редис, қырыққабат, қызылша, сәбіз, жуада жиі кездеседі. 2020 жылы калалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы мамандарының үйлестірумен жүргізілген акция барысында кала және елді мекендердегі сауда орындарынан басқа өнімдерінен (қарбыз) 1 үлгіде, жемістерден 5 үлгіде, көкөніс өнімдерінен 7 үлгіден нитрат қалдықтары нормадан артық анықталған болса, 2021 жылы мемлекеттік тапсырыс бойынша алынған 768 сынамааның 40 сынамаасы нормаға сәйкессіз болды. Осы 40 сәйкессіздіктің 28 сәйкессіздігі басқа өнімдері: қарбыз-қарбыздан, 4 сәйкессіздік жеміс-жидектен, қалған 8 сәйкессіздік көкөністердің құрамынан анықталған. Ал 2022 жылы мемлекеттік тапсырыс бойынша көкөніс, жеміс-жидек және басқа өнімдерінен 340 сынамаға зерттеулер жүргізілген болса, оның 8 сынамаасы нормаға сәйкес болмады. Олардың барлығы дерлік көкөніс өнімдері. Жұмыстың сапасын арттыру мақсатында сараптама орталығы алынған өнімдерде дер кезінде зерттеу жүргізіп, нәтижелері хаттама түрінде басқарма мамандарына беріліп отырады.

**Р. БЕКЕНОВА,**  
ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО» ШЖҚ РМҚ Қызылорда облысы бойынша филиалы санитарлық-гигиеналық зертханасының зертхана маманы





## Батыр қыз атындағы білім ордасы

Алғаш іргесі қаланып, ашылған тұста 200 балаға тәлім берген білім ұясы бүгінде жарты ғасырдан астам уақытты арқа тастаған. Ә.Молдағұлова атындағы №173 орта мектебінде қазіргі кезде 1570 оқушы білім алуа.

Жарты ғасырдан астам тарихы бар білім ошағы осы уақыт ішінде талай шәкіртті қанат қактырып, үлкен өмірге қадам бастырды. Талай шәкіртті тұлға етіп қалыптастырды. Өзіндік мол тарихы бар оқу ордасына еліміз

– Ұжымды басқарғаныма 4 жыл болыпты. Мектеп ұжымының ауыз-бірішілігі мол, өзі ісін сүйетін мамандар. Алпыс жылдық тарихы бар білім ордасы ғой. Басшылыққа алғаш келгенде мектепке жөндеу жұмысы қажет екендігін ұқтым. Келе сала қолға алған ісім де сол болды. Солай 2020 жылы білім ошағына мемлекеттік бағдарлама аясында күрделі жөндеу жүргіздік. Айналасын қоршадық. Көркейтү-қоғаландыру жұмыстарын

атанған. Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыруда түрлі байқауларға қатысып, «Үздік жас маман», «Үздік математика пәні мұғалімі» аталымының иегерлері де біздің ұжымда. Бұдан бөлек оқулық, әдістемелік құралдар авторлары да бар. Оқушыларымыздың жетістігі де қуантарлықтай. Республикалық «Алтын тобылғы» зияткерлік олимпиадасында әр сынып бойынша қатысқан шәкірттеріміз оза шауып, жүзделі орындарға ие болды. Сонымен бірге оқушылар «Ақбота», «SAPSAN» сынды республикалық олимпиаданың облыстық деңгейдегі жеңімпазы атанды. Ғылыми жоба, түрлі байқаулар мен жыр мұшайраларына қатысқан шәкірттеріміз үнемі өздерінің білімді, өнерлі екендігін жүзделерімен дәлелдеуде. Сондай-ақ пікірталас алаңдарында бойынша оқушыларымыз аймақта үздіктер қатарында. Спорттық жарыстарда да жетістігіміз мол. Мектебімізде болашығынан үлкен үміт күттіретін спортшы оқушыларымыз жетерлік, – дейді ұстаздар мен оқушылардың жетістігімен бөліскен Гүлмира Рәсілқызы.

Оқушының білім деңгейін арттыруда оқушының жана технологиялық әдістерін қолдану өз кезегінде нәтижесін беріп келеді. Мұны мектеп түлектерінің жеткен жетістіктерінен

тәуелсіздік алған жылы халқымыздың батыр қызы Әлия Молдағұлованың есімі берілген екен. Содан бері білім бәсекесінде білікті ұстаздар мен білімді шәкірттерді тоғыстырып келеді.

Іргесі қаланғанына 60 жыл болған бұл мектепке әр жылдары білікті ұстаздар басшылық етті. Олар тек шәкірт тәрбиелеп, білім беруді емес білім ордасының материалдық-техникалық базасын нығайтып, оқушыларға қолайлы жағдай жасау мүмкіндігін де қарастырды. Осылайша бұл оқу ордасы 1985 жылы осы күнгі көпқабатты ғимаратқа көшірілген.

Бүгінде Ә.Молдағұлова атындағы №173 орта мектеп ұжымы ғасыр көшіне ілесіп, білім саласындағы жана жүйеге сай қызмет етуді мақсат еткен.



Мұндағы 1500-ден аса оқушы білім нәрімен сусындайды. Олар заманауи үлгідегі технологияны пайдаланып, ғылыми ізденістер жасайды. Зерттеулер жүргізеді. Соған сәйкес физика, химия, еңбек технологиясы, мультимедиалық кабинеттер қажетті құрылғымен жабдықталған.

Сапалы білім беру, саналы ұрпақ тәрбиелеуде 161 педагог аянбай еңбек етіп келеді. Олардың қатарында түрлі деңгейде әдістемелік құралдардың, оқулық авторы, авторлық бағдарламалардың иелері бар. Қалалық, облыстық деңгейдегі үздік пән мұғалімдері де осы ұжымнан табылады. Осы орайда басшылық тарапынан көрсетілетін қолдаудың маңызды екенін атап өткен жөн. Білім саласында 30 жылдық тәжірибесі бар ұстаз Гүлмира Қоңырбаева ұжымды төрт жылдан бері басқарып келеді. Бұған дейін Абылай хан атындағы №140 мектепке басшылық жасап, баланың сапалы білім, онегелі тәрбие алуына еңбек сіңірген оның іскерлігін көпшілік жақсы біледі. Білім мен біліктілігінің арқасында «Б.Алтынсарин» төс-белгісімен марапатталған, «Білім беру саласындағы 100 жаңа есім» жобасына енген, бұдан өзге де лайықты марапат иегері атанған.

қолға алдық. Дегенмен аяқсудың тапшылығы салдарынан бұл жұмыстар әлі де жандандыруды қажет етеді, – дейді мектеп басшысы.

Бәсекеге қабілетті елдер көшіне ілесу үшін ең бастысы – сауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Оның кепілі сапалы білімде. Бұл ретте ұстаздарға қойылар талап күшейген. Соның үлесінен шығуда оларға талмай ізденіс керек. Шәкірттерінің қызығушылығын арттыру, алға жетелеу, танымын кеңейту, онымен етене жұмыс жасау қай кезде де мұғалімнің негізгі міндеті саналады. Үздік атанған әрбір оқушының жетістігінде оның маңдай тері, жылдар бойы еткен еңбегі бар. Сол еңбектің еш кетпегені ол үшін бәрінан қымбат. Осы орайда, мектеп ұжымын абырой биігінен көрсетіп жүрген шәкірттер баршылық. Олар тек қалалық, облыстық емес, республикалық, халықаралық деңгейдегі білім додаларының жеңімпаздары.

– Білім сапасына баса көңіл бөлу – басты міндет. Мұны ұстаздар қауымына үнемі айтып отырамын. Ұжымда мектеп мақтанышына айналған білімді, білікті мамандар баршылық. Мәселен, Баян Салхаджинова, Алтынбек Қадырбекулы, Мария Токбаева есімді ұстаздар «Білім беру ісінің үздігі»



Аймағамбетов қолға алған-тұғын. Ол сөзінде 1-2 сынып оқушылары үшін бірден үш тілді меңгерудің қиын екенін айтқан. Игілікті бастама аяқсыз қалмай жаңа министрдің қайта қолға алғаны көпшілікті қуантты.

Әуелде қоғамдық талқылауға ұсынылған бұйрық жобасының мақсаты – білім беру мазмұнын түзету. Қазақстандық білім беруді ағымдағы жаңғыртудың түйінді бағыттары оқушыға түсетін оқу жүктемесін азайту, STEM білім беру тәсілдері, тәрбиелік компонент негізінде жаратылыстану-математикалық пәндерді оқытуды күшейту, білім алушыларды ерте әлеуметтендіру және кәсіптік бағдарлау, білім берудің инклюзивтілігін күшейту, тұрғылықты жеріне және оқыту тіліне қарамастан сапалы білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету, – деп көрсетілген.

Бұған дейін мектеп бағдарламасында 2 сынып оқушылары «Көркем еңбек» пәнін оқыған еді. Бірнеше пәндер жүйесі біріктірілген бұл сабақ шет тілі пәні алынып тасталған соң, «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәні болып қайта енгізілді. Осылайша 1 сынып оқушылары орыс тілі мен ағылшын, 2 сыныптағылар ағылшын тілі пәнін оқымайды. Ал 3 сыныптан бастап шет тілі пәні оқытылады.

Министрліктің ақпараттына сүйенсек, аталған өзгерістер нәтижесінде 11 жылдық оқыту шеңберінде оқу бағдарламаларын жетілдіру жөніндегі жүйелі жұмыс еліміздегі білім беру жүйесін білім берудің халықаралық стандарттық деңгейге шығаруға мүмкіндік береді екен. Сондай-ақ мектеп

Басы 1-бетте

## Бөлім басшысы ұстаздармен кездесті

Қалалық білім бөлімінің басшысы Ерлан Тенізбайұлы Әлі Мүсілімов атындағы №101 мектеп-лицей ұжымымен кездесіп, кезектен тыс педагогикалық кеңес өткізді.

Жиында мектеп басшысы Айгүл Алтынбекқызы ұжымда өткен жылы атқарылған жұмыстар мен даму жоспарлары туралы баяндады. Қазіргі таңда білім ордасында 94 сынып комплектісі бойынша III ауысыммен 2307 оқушы білім алуа. Оларға 89 зерттеуші, 57 сарапшы, 51 модератор мұғалім білім береді. Мектеп-лицей оқушылары қалалық, облыстық олимпиада мен ғылыми жоба, республикалық, халықаралық байқауларда оза шауып, шығармашылық тұрғыдан жетістіктерге жетіп, ұжым абыройын асырып келеді.



Кеңес отырысында бұдан бөлек мұғалімдердің сағат жүктемесі мәселесі де талқыланды. Сонымен қатар 3 ауысымды білім беруді жою мақсатында білім ғимараты жанынан 375 орындық бастауыш сыныпқа арналған нысанның құрылысы жүргізілуде. Бұл нысан жақын арада

пайдалануға беріліп, жана оқу жылында сынып жетіспеушілігі мәселесі шешімін таппақ. Ұжыммен кездесу барысында білім бөлімінің басшысы Ерлан Тенізбайұлы ұстаздар қауымының көкейде жүрген мәселелерін тыңдап, сұрақтарына жауап берді.

## КІТАП ОҚУ ОЙ-ӨРІСТІ ШЫҢДАЙДЫ

Ақпараттық технология дамыған сайын қарапайым құндылықтар шет қалып барады. Бүгінгі күні жас та, жасамас та телефонға телміріп, ғаламтор шырмауына түскен. Бұрынғыдай рухани дамудың кенжелеп, материалдық құндылықтың бәсі басым екенін жасыра алмаймыз.

Өкініштісі сол, бұл мектеп жасындағы балалар арасында кең етек жайып барады. Бесікте ананың әлдіні, ата-әженің ертегісін тындап өспеген баланың есейе келе кітап оқуға да құштарлығы арта қоймасы белгілі. Дегенмен балаларды кітап оқуға ынталандыру, қызығушылығын ояту шарасы қазіргі таңда білім ошақтарында қолға алынып келеді. Білім беру ісіндегі «Оқуға құштар мектеп» жобасы осы мақсатты жүзеге асырылуда.



Осы орайда қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен Б.Момынбаев атындағы №278 ІТ мектеп-лицейінде «Қазіргі уақыт талабы – өскелең ұрпақ бойында кітап оқуға деген құштарлықты қалыптастыру» тақырыбымен семинар өтті. Ондағы мақсат оқушыларды кітап оқуға деген құштарлығын ояту, сол арқылы ой-өрісінің кеңейіп, сөйлеу қабілетінің артағанын ұғындыру. Шараға қалалық

түлектерінің еуропалық біліктілік шеңберінің қажетті деңгейлерін меңгеруіне мүмкіндік болмақ.

Білімнің негізі бастауышта қаланып отырғанын ескерсек, тарыдай болған өрендерді оқудан жирендірмей, құштарлығын арттыруды көздейтін жобалар керек-ақ. Сапалы білім, саналы ұрпақ қалыптасуына іске асыруда білім беру бағдарламасын бүге-шүгесіне дейін зерделеу, зерттеген жөн.

Енгізілген өзгерістерді ұстаздар қауымы да қолдайды. Себебі мектеп табалдырығын енді аттаған ойын баласын білімге бет бұрғызуда кедергілер болатыны жасырын емес. Бұл туралы мамандардың өзінен сұрағанды жөн көрдік.

– Педагогикада білім берудің өзіндік әдіс-тәсілі бар. Десе де бастауыш сынып оқушылары енді қалыптасып келе жатқан оқушы болғандықтан жүктемесін жеңіл болғаны жақсы. Білім берудің алғашқы сатысынан өтсе де 2 сынып оқушыларына өзге тілді меңгеру ауыр тиетіні рас. Ата-ананың барлығы бірдей баласын қосымша оқу орталығына бере алмайды ғой. Мұндай орталыққа барып білім алған баланың сабақ үлгерімі де жақсы болады. Сондықтан мұндай балалар пәндерді мектеп қабырғасында қайталап оқығанды әсер алады. Алайда барлық оқушы білімді тең игеру керек. Екінші сыныптан шет тілі пәнін алып тастағаны дұрыс шешім болды, – дейді бастауыш сынып мұғалімі Бағлан Тілеуберенова.

Кезінде ағылшын тілі бастауыш сыныпқа үштілділік саясатын жүзеге асыру мақсатында енгізілген болатын. Сол тұста мамандар баланың санасы жастайынан зерек, қабілетті болатынын алға тартқан. Дегенмен уақыт өте келе әр баланың қабылдау ерекшелігі ескеріліп, мұның қате шешім екендігі белгілі болды.

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» демекші, бастауыш сынып оқушылары тек ана тілін, әдебиетін ғана меңгерсін, өзге шет тілдерді жоғары сыныпта-ақ игереді деген пікірді халық қауалылары да жиі айтады. Мұны жас өренді отансүйгіштікке баулуың тиімді жолы деген олар жана жобаны бірауыздан қолдағаны анық. Қалай десек те, білімді, саналы ұрпақ тәрбиелеудегі шешімдер жеті рет өлшеніп қабылданғаны абзал.

Бетті дайындаған  
Айдана СЕЙІЛ





мақсат еткен, табиғатты аялауға үйдейтін мазмұнды шара.

Көрме жетекшісі Россана Орланди – итальяндық дизайнер саласының аңыз аламы, Николетта Орланди Брунони ханым – көрме жетекшісі. Бұл көрме коқысты қайта өңдеу мен қоршаған ортаны қорғауға қозғарсы ерекше, қоршаған орта салдарын зерттеуге көптеген жылдар арнаған, қайта өңдеудің тұжырымдамасын жасап, ерекше қайталанбас, дизайнерлік талғамы жоғары, авторлық картиналар жасайтын шеберлерге өз туындыларын ұсынуға мүмкіндік жасады. Қателеспесем, Милан дизайн апталығы аясында өткі-

– Бұл арт-жоба қоршаған ортаның жай-күйі туралы көптеген флешмобтардан гөрі қоғам назарын аударта алады. Мен өз картиналарыма көбіне еліміздің экологиялық мәселесіне айналған Арал теңізінің табиғатын бейнелеймін. Мен апатты салдарға тоқталмай, картиналардың эстетикалық және терең мағынасы арқылы адамдарды табиғатқа жақындатуға тырыстым. Өнер мен экология ұштасқан жобаны жасауға түрткі болған Арал проблемасы болды. Мен өз каламда табиғат пен адам арасындағы жақын қарым-қатынасты көрсету мақсатында көрме ұйымдастырып тұрамын, адам мен табиғат туралы

нелі көркем картиналар жасау процесінде қолданған дұрыс, неден бас тарту керек деген тренингтер бар. Бұл жоба экологиялық материалдарды пайдалануды талап етеді: азық-түлік қаптамасы бұл

картиналар үшін жақсы материал болады. Мұндай жұмыстардың астарында табиғи ресурстарды сақтау тұжырымдамасы жатыр. Мен 15-тен астам көрме өткіздім. Картиналарды жасау

## ӘЛЕМ НАЗАРЫН АУДАРҒАН КАРТИНА

Милан дизайн апталығында Софияның туындыларын ұсынған санаты бойынша әлемдегі үздіктер, дизайнерлер, қоршаған ортаға көзқарасы ерек 73 мемлекеттен 600-дай талантты жандар қатысқан екен.

Италиядағы көрме әйгілі «Palazzo Bandello» заманауи өнер галереясында өтті.

– Бұл көрменің орны бөлек. Бұл сұлулықты, өнерді тамашалау ғана емес, қоршаған ортаны қорғауды

Басы 1-бетте



30-дан астам көлемді картиналар жасадым. Адамдарды қоршаған орта жайлы ақпаратпен қамтамасыз ете отырып, бір-бірімізге мәселенің ауқымын түсінуге, оны шешу жолдарын табуға және планетамызды сақтауға көмектесе аламыз.

Бұл – эко-өмір салты туралы ақпарат беру жобасы. Жоба барысында коқысты қалай сұрыптау керек, нені қайта өңдеуге болады, қайта өңдеуге болмайтын дүниелер



процесін әлеуметтік желілерге жариялаймын. Әр адам қоршаған ортаны қорғау үшін таңдау жасай алады: полиэтилен пакеттерін сатып алмау, қайта пайдалануға болатын заттарды пайдалану, пластикті аз тұтыну. Себебі біздің планетамыздың эко ахуалы әрқайсымызға байланысты, – дейді өз туындысымен әлемнің назарын аударған жеңімпаз.

София көрмеге Арал теңізінің тұз қаптама қиындысымен бейнеленген картиналар сериясын ұсыныпты. Туындыға қарасаң теңізі шалқыған, су бетінде аккумуля тербелген сұлулығына көз тоймас теңізді тамашалап, қуансыз. Арал теңізінің бейнесі дегенде суы тартылған, табаны кеберсіген, қайығы жағада қалған көріністі көз алдымызға елестеткен едік. Алайда Софияның да, бұл көрменің де мақсаты биік. Адамзат табиғатты аялай білсе, қоршаған ортаны қорғауға үлес қосса, экологиялық мәселелерді де жеңуге болады. Бір сөзбен айтқанда, бәрі де адамзаттың қолында. Шынашақтай София ізгілікке үндеп жүр.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

«Nationalgeographic.kz» қазақы тазының стандарты туралы жазды. «Бойы орта және ортадан жоғары, денесі мығым, арықтау ит, созылу индексі – 103», – делінген Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 30 наурыздағы №101 бұйрығымен бекітілген Қазақы ит тұқымдарының стандартында.

## Қазақы тазыны танымыз ба?



Осы құжаттағы сипаттамаға сүйенсек, қазақ тазысының ұрғашысы төбетіне қарағанда аласауа, шағындау болады. Төбеттің шоқтығының биіктігі 60-70 см, ал ұрғашы тазының бойы 55-65 см болады. Түсі қара, ақ, сарғыш, қызыл және сұр түстердің барлық реңкі болуы мүмкін. Тұтастай бір өңді де болады, теңбіл түстілері де кездеседі. Кейбірінің тұмсығында, құлағында, аяқтарының ұшында кара дақтар кездеседі. Күшіктер өсу, жыныстық жетілу барысында түсі мен реңін өзгертуі мүмкін. Жүні жұмсақ, жібек тәрізді, тік, ұзындығы қыста 4,5 сантиметрге, жазда 2,5 сантиметрге дейін өседі. Қысқа жүнді түбігі жақсы дамыған. Құлағының ұшында 5-6 сантиметрдей жұмсақ, ұзындау түк жиналып ары қарай ұйпаланады, алдыңғы аяғының, жамбастарының арты жағында ұзындау жүн түбітке айналады. Құйрығының төменгі жағына қарай жұқалау ілгек жүні (10 сантиметрге дейін) болады. Башпайларының арасында қысқа әрі қатты түк өседі. «Жарғақ құлақ», «тықыр тазы» секілді түрлері де кездеседі.

Арық, сопақ, бас сүйегі біркелкі жалпақ болып келеді. Үстінен қарағанда сына тәрізді. Желкесі біркелкі, ал төбе сүйегі өте нашар дамыған деп сипатталған Министрлік бекіткен тазы стандарты туралы құжатта.

Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің сайтында осы құжат туралы төмендегідей ақпарат жарияланған. «2023 жылдың 31 наурыз күні Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асырудағы шаралар туралы» ҚР Премьер-Министрінің 2023 жылғы 22 ақпандағы №34-р өкімін іске асыру шеңберінде, ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі қазақы ит тұқымдары – тазы мен төбеттің стандарттарын бекітті. Стандарттар аталған ит тұқымдарының сипаттамасын, өлшемдерін, кемшіліктері мен ақауларын қамтиды.

Заңға сәйкес, қазақы ит тұқымдарының стандарттарын әзірлеу 2023 жылғы шілдеде іске қосылатын Ұлттық орталықтың құзіретіне кіреді. Алайда уақыттың тығыздығына байланысты Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы №3-3/1119 бұйрығымен бекітілген стандарттар негізге алынған.

Шыны керек, бүгінде тұқымы азайған тазыны танымай жатамыз. Оның үстіне, қазақы тазының алыстан танытын аңқұмар қазақ та азайып барады. Кейінгі ұрпақ қазақы тазының қандай екенін тек кітаптан ғана оқымаса болғаны.

## Жер-Анаға қамқорлық қажет

### Топырақтың тұздануы

Елімізде көп жағдайда экономикалық жетістіктерге назар ауып, экологиялық ахуал ұшығып жатады. Алайда адам іс-әрекетінің кез-келген саласында бізді қоршаған тірі табиғатқа орасан зор зиян келіп жатқанын естен шығармауымыз қажет.

Мәселен, аймағымыз күріш егісі және шикізаттан өндірілетін өнім көлемі жөнінен елімізде көш бастап тұр деп БАҚ беттерінде жариялаймыз. Сыр өңіріне күріш дақылдың жерсіндірілуі ғылыми әдебиеттерде 1896 жылдан бастау алады. Өңірімізге белгілі профессор А.Нұрғызарынның еңбегі бойынша күріш дақылды вегетациялық кезеңнің 90 күнінде атызда суға бастырылып тұруы қажет. Бұл біріншіден, аридті климат жағдайында ылғалдың орасан зор эвапотранспирациясына себеп болады, яғни, судың булануы негізгі су артериясы Сырдария өзенінің гидрологиялық режиміне елеулі салмақ түсіріп, өзеннің түпкілікті мақсаты – Арал теңізіне келіп құйылатын су мөлшерін азайтады. Екіншіден, қатаң континенталды климат жағдайындағы кез-келген жердің 3 ай бойы су астында тұруы, топырақтың тұздануына әкеледі. Ғылыми-техникалық революция барысында тұзданған топыраққа егуге жарамды бірден-бір астық дәнді дақыл – күріш екенін айғақтады. Ескерте кететін бір жайт, күріштің мұндай қасиетіне белгілі бір дәрежеде ықпал ететін – атыздарға жіберілген су қабатының топырақ бетіндегі тұздарды ерітіп, жалпы тұздылық мөлшерін азайтуында. Күріш дақылды егілген атыздарда топырақтағы тұз мөлшерінің азаю процесі үздіксіз жүрмейді, керісінше бұл – уақытша, маусымдық құбылыс. Мәселен, елімізде танымал ғалым А.Раудын 2013 жылы шыққан ғылыми мақаласына арқау болған зерттеулері бойынша Алматы облысындағы Ақдала суару массивінің су және тұздылық режимінде белгілі бір кезеңділік тіркелген: күріштікті суару кезінде топырақтың тұзсыздануы мен грунт сулары деңгейінің көтерілуі, ал күз-кыс мезгілінде грунт сулары деңгейінің төмендеп, олардан капиллярлар бойымен тұздың көтерілуі. Қазақстанның күріш егу жүйесіндегі жерлері белгілі бір дәрежеде тұзданған. Қазіргі



таңда облыстағы күріш егістігі көлемі 90 000 га болса, Кеңес одағы тұсындағы рекордтар кезеңінде бұл шама бірнеше есе арттырылған. Өрине, халыққа бір мәселені көтеріп, жігін ажыратып бергеннен кейін түйткілдің шешімін күтетіні, рас. Әлемдік және отандық топырақтанушы ғалымдардың бұл бағыттағы ғылыми ізденістері бір сәтте толастаған емес, солардың ішінен аймағымыздың физикалық-географиялық жағдайы мен топырақтың морфологиялық-генетикалық қасиеттеріне сәйкес зерттеулердің нәтижелерін және озық тәжірибелерін өз мүдделімізге сауатты түрде пайдалану заман талабы. Мәселені шешпегеннен, алғышарттары ретінде егістікті әртарапандыру, топырақты өңдеудің нолдік (No

till) технологиясы, шөлге төзімді дақылдар – өсімдіктерді егу, ауыл шаруашылығының альтернативті саласы – мал шаруашылығына басымдық беру секілді нұсқалар қарастырылды. Алайда күріш шаруашылығы әлі де болса өңіріміздің дихандары үшін доминантты сала болып отыр.

Сөз соңында айта кетерлігі, Кеңес одағы мен ресейлік топырақтану ғылымының танымал өкілдері А.А. Роде, Н.А. Качинский, И.С. Кауричевтің зерттеулері бойынша тек орман өскен аймақтың топырағы ғана уақыт өте келе құнарлығы артып, гумус мөлшері көбейеді екен. Топырақтың қалған типтерінің барлығы құнарлығы қалпына келуі үшін қосымша мелиорациялық шараларды талап етеді.

### Сырдария өзені су деңгейінің тұрақсыздығы

Қазақстан Республикасының оңтүстік-батыс бөлігін тұщы ауыз сумен қамтамасыз ететін бірден-бір табиғи су арнасы – Сырдария өзені. Соңғы бірнеше жыл қатарынан дарияда су деңгейі төмен болып, жергілікті халық пен аграрийлерге бірқатар қолайсыздықтар туындалы. Биыл жағдай күрт өзгеріп, жауын-шашынның жылдық балансындағы қыс мезгілінде түсетін мөлшері басым болды. Салдарынан Сырдария суының биіктігі қауіпті деңгейге жетті. Мәселеге ғылыми тұрғыда қарасақ, география ғылымында табиғи құбылыстардың (жер сілкінуі, жанартаулар атқылауы, климатологиялық флуктуация) белгілі бір уақыт аралығында ритмді түрде қайталануы деген үрдіс бар, оның мерзімділігі 11, 22-23, 80-90 жылды құрайды. Бұл – бір деңіз. Екіншіден, Жер шарының өз осінен айналуы – Кориолис күшіне байланысты солтүстік жарты шарда орналасқан кез келген өзен кеңістік пен уақыт аралығында арнасының оң жағалауын шайып ағады. Өздеріңіз білетіндей, Қызылорда қаласының негізгі дінгеі Сырдария өзенінің оң жағалауында салынған. Мұнан бөлек дария деңгейін тұрақтандыру мақсатында индустриаландыру кезеңінде салынған күрделі гидротехникалық құрылыстар тәуелсіздік алғаннан бері энергетикалық жұмыс тәртібне көшіріліп, Сырдария өзенінің жоғарғы және орта ағысында орналасқан көрші елдер жаз-күз мезгілдерінде суды жинақтап, қыс-көктем мезгілдерінде төменге негізсіз босатады. Бір айта кетерлігі, Орта Азия аумағының халық саны тұрақты түрде күн санап артып келеді, бұл дегеніңіз жақын болашақта аймақта таза ауыз су мәселесі геоэкология ойын құралы болып қала бермек. Сайып келгенде, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, дария деңгейінің тұрақсыздығы – табиғи және антропогендік факторлардың нәтижесі.

Ерлан ШЫНБЕРГЕНОВ,  
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті  
«Су шаруашылығы және жерге орналастыру»  
кафедрасының аға оқытушысы, PhD

Меншік иесі:

**СЫР МЕДИЯ**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:  
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)  
Жауапты хатшы, бөлмелер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-І.  
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ-4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.  
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейді, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескерілген.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «АШУ» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68  
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.  
Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі 4 А.  
Таралымы 2989 Тапсырыс №749

Нөмірдің кезекші редакторы Айдана СЕЙІЛ